

МАТҮО



А Алматы Қаласы
Музейлер Бірлестігі

CONSULATE GENERAL OF HUNGARY

БАСПАСӨЗ БАЯНЫ

*Алматы музейінде
«Матью халық өнері – мадьяр мәдениетінің мұрасы»
көрмесінің ашылуы*

Халықаралық музейлер күніне орай 2025 жылдың 16 мамырында сағат 15:00-де Алматы музейінде **«Матью халық өнері – мадьяр мәдениетінің мұрасы»** атты көрменің салтанатты ашылуы өтеді. Көрме Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Мажарстанның Алматыдағы Бас Консулдығымен бірлесе ұйымдастырылып отыр.

Бұл экспозицияда Мажарстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігі елімізде алғаш рет Алматы музейінде мадьярлардың әйгілі Матью кесте өнерін таныстыратын ерекше көрмені ұсынады.

Көрмеде кестеленген маталар, киім-кешек пен тұрмыстық бұйымдар, сондай-ақ мадьяр халқының өмірі мен дәстүрін баяндайтын архивтік фотосуреттер ұсынылады. Экспонаттар Мезёкёвешд қаласындағы Матью музейінен (Мажарстан), сондай-ақ мажарлық жеке коллекционерлерден алынған.

100-ден астам бірегей экспонат Матью кестесінің ұлттық ерекшеліктерін көрсетіп, Мажарстанның бай мәдени мұрасын таныстырады және мадьяр мен қазақ халықтарының арасындағы рухани байланысты айқындай түседі.

Көрме музейаралық ынтымақтастық аясында өткізіліп отыр. Бұған дейін 2024 жылдың 3 қазанынан 20 қарашасына дейін Алматы музейінің қорынан алынған көрме Мажарстанның Карцаг қаласындағы «Карцаг Кинче» өнер музейінде көрсетіліп, шетелдік көрермендерінің үлкен ықыласына ие болған еді.

Көрме 2025 жылдың 16 шілдесіне дейін жалғасады.

*Көрме 2025 жылдың
16 мамыры мен 16 шілдесі
аралығында өтеді*

**Алматы музейі
Қабанбай батыр көшесі, 132
16 мамыр 2025 жыл
сағат 15:00**

Өтетін орны: Қабанбай батыр көшесі, 132

Сайт: <https://almatymuseums.kz/>

Instagram: @almatymuseums

Байланыс телефоны: 8708 820 61 79, 8708 111 62 91

МАТҮÓ



ГЕНЕРАЛЬНОЕ КОНСУЛЬСТВО ВЕНГРИИ

ПРЕСС-РЕЛИЗ

Открытие выставки

«Народное искусство Матью – наследие венгерской культуры» в Музее Алматы

16 мая 2025 года в 15:00 в Музее Алматы состоится торжественное открытие выставки **«Народное искусство Матью – наследие венгерской культуры»** к Международному дню музеев. Выставка организована КГКП «Объединение музеев города Алматы» совместно с Генеральным Консульством Венгрии в Алматы при поддержке Акимата города Алматы.

Посольство Венгрии в Республике Кыргызстане представляет уникальную экспозицию венгерской вышивки Матью, которая впервые будет продемонстрирована в Казахстане на площадке Музея Алматы.

В экспозиции представлены яркие образцы вышитых полотен, предметов одежды и домашнего обихода, а также архивные фотографии, рассказывающие о жизни и традициях венгерского народа. Материалы для выставки предоставлены Музеем Матью в городе Мезёкёвешд (Венгрия), а также частными коллекционерами.

Более 100 уникальных экспонатов отражают самобытную культуру вышивки Матью, демонстрируя богатое культурное наследие Венгрии и подчеркивая прочные связи между венгерской и казахской культурами.

Выставка проходит в рамках межмузейного сотрудничества. Ей предшествовала экспозиция из фондов Музея истории города Алматы, которая с 3 октября по 20 ноября 2024 года была представлена в Музее искусств «Карцаг Кинче» города Карцаг (Венгрия) и вызвала большой интерес у венгерских посетителей.

Выставка продлится до 16 июля 2025 года.

*Выставка будет проходить
с 16 мая по 16 июля 2025 года*

Музей Алматы
ул. Кабанбай батыра, 132
16 мая 2025
15:00

Место проведения: ул. Кабанбай батыра, 132

Сайт: <https://almatymuseums.kz/>

Instagram: @almatymuseums

Телефон: 8708 820 61 79, 8708 111 62 91



CONSULATE GENERAL OF HUNGARY

A Алматы Қаласы
Музейлер Бірлестігі

MATYÓ

«Матьо халық өнері – мадьяр мәдениетінің мұрасы»
көрмесінің ашылуы

Алматы музейі
Қабанбай батыр көшесі, 132
16 мамыр 2025 жыл
сағат 15:00

Открытие выставки

«Народное искусство Матьо – наследие венгерской культуры»

Музей Алматы
ул. Кабанбай батыра, 132
16 мая 2025 года
в 15.00 часов

